

«Қылмыстық құқық және процесс» бағдарламасы жоғары білікті мамандарды даярлауға бағытталған, олар қылмыстық заңнама, сот тәжірибесі және қылмыстық құқық нормаларын әртүрлі құқықтық жағдайларда қолдану бойынша терең білімге ие болады. Бағдарлама қылмыстық құқық бұзушылықтар, қылмыстық тергеу және сот процесстерімен байланысты кең ауқымды мәселелерді қамтиды.

Бағдарлама аясында студенттер қылмыстық құқықтың негізгі аспектілерін – қылмыстарды жіктеу, жазалау түрлері, қылмыстық өндірістің процессуалдық кезеңдері, сондай-ақ азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың заңды кепілдіктерін зерттейді. Сонымен қатар, практикалық дағдыларға ерекше мән беріледі: тергеу жүргізу, сот отырыстарына қатысу, сот тәжірибесін талдау және құқықтық құжаттарды дайындау.

Бағдарлама заңнамалар мен сот тәжірибесіндегі өзгерістерді ескере отырып үнемі жаңартылып отырады, бұл студенттерге өзекті білім алуға және заманауи қылмыстық әділет саласындағы қиындықтарға дайын болуға мүмкіндік береді. Әр жыл сайын жұмыс берушілер мен басқа да мүдделі тараптармен (стейкхолдерлермен) кенестер өткізіледі, бұл оқу процесінің тиімділігін бағалауға және бағдарламаны еңбек нарығының қажеттіліктеріне бейімдеуге мүмкіндік береді. Бұл бағдарлама жоғары деңгейде ұстап тұруға ғана емес, сонымен қатар түлектердің қылмыстық әділет, құқық қорғау органдары, адвокаттық қызмет және құқықтық практика саласында жақсы дайын болуын қамтамасыз етеді.

Осылайша, бағдарлама теориялық білімді практикалық дағдылармен үйлестіріп, қылмыстық құқық және процесс саласында табысты карьераға дайындық береді.



